

# **Тұрар Рысқұлов атындағы Жаңа Экономикалық Университеті**

**Қарт адамдарға әлеуметтік  
көмек беру**

Тексерген: Кенжетаева Р  
Орындаған: Құрманбаева Қ  
Тобы: ӘЖ-341

Қарт адамдарға әлеуметтік көмек беру және оларды қамсыздандыру - жұмысына зейнетақы мен пособия тағайындау; қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау; мүгедектерге зейнетақы тағайындау; үй – күйі жоқ адамдарға көмек көрсету жатады. Әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттік органмен, мекемелермен, жеке тұлғалармен жүзеге асады.



Қарт адамдаға әлеуметтік көмек беру және қамсыздандыру әлеуметтік қызметкер үшін өте үлкен іс – әрекет қимылы. Өздерінің білімдерімен, біліктілігімен және адамгершілігімен, олар қарт адамдардың өмірін жақсартта алады, яғни қоғамда өз орнын таба алушылыққа, өмірінің мәнін түсіндіруге көмектеседі. Қарт адамдардың әлеуметтік – медициналық реабилитациясы. Қарт адамдармен әлеуметтік жұмыста әр түрлі формалар мен әдістер қолданылады. Олар үйде әлеуметтік көмек көрсету, шұғыл әлеуметтік қызмет және мекен – жайлық әлеуметтік қызмет пен көмек көрсету, тағы басқаларын жатқызуға болады. Бұл жүйеде, әр түрлі мекемелер қызмет көрсетеді: күндізгі бөлімшелердің келуі, стационарлық мекемелер және арнайы қарт адамдар үйі. Қарт адамдар әлеуметтік – медициналық реабилитацияны ерекше қажет етеді.

Қартаю мен ауыру — өте байланысты болып келеді, яғни екеуін бір деп қарастырады. Қартаюдың құралдары ретінде қол таяқтарды, жөтелді, мүгедектер арбасын жатқызамыз. Бірақ, Америка Құрама Штаттарының көптеген зерттеулерінің көрсетуі бойынша, қарт адамдар да белсенді бола алады.



Қарт адамдардың ауруының бір түрі – қарттық маразм болып табылады. Бұл организмнің өмірлік нышанының төмендеуін және мидің жұмыс атқару қызметінің төмендеуін көрсетеді. Осы аурумен ауырған адамдардың күш – қуаты әлсіздеп, психологиялық іс – қимылдың толық тоқталуы байқалады. Ол негізінен терең кәрілік шақта немесе аурудың қозған кезінде болады.



Қарт адамдар мен мүгедектер, әлеуметтік қызмет көрсетуге мынадай құжаттардың негізінде қабылданады:

- өтініш;
- уәкілетті органның жолдамасы (бюджет қаражатының есебінен қызмет көрсету кезінде);
- жеке куәлік;
- тұрғылықты жері туралы анықтама;
- денсаулық жағдайы туралы медициналық карта (белгіленген үлгіде);
- амбулаторлық картадан үзінді көшірме;
- зейнеткерлік куәлік (зейнет жасындағы адамдар үшін);
- мүгедек, ҰОС қатысушы және соларға теңестірілген адамдар мәртебесін растайтын куәлік (мүгедектер, ҰОС қатысушылар мен соларға теңестірілген адамдар үшін);
- мүгедектігі туралы анықтамадан үзіндінің көшірмесі;
- мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасынан үзіндінің көшірмесі.





Қарт адамдар арасындағы мүгедектік те үлкен мәселе болып табылады. Сонымен қатар үлкен мәселелердің қатарына қарт адамдардың құлағының естімей қалуы мен көзінің көруінің нашарлауын жатқызуға болады. 1993 жылдағы наурыздағы бүкіл дүниежүзілік конференцияда, Америка Құрама Штаты соңғы 10 жылда жақсы сапалы есту аппараттарын шығаруда көптеген еңбектерін сіңірді. Қарт адамдардың денсаулығы, ауру түрлері олардың өмірлік дәңгейіне, жақсы тамақтануына, өмірлік іс - әрекетіне, әлеуметтік қарым – қатынасына байланысты болып келеді. Егер адам жас кезінен дұрыс тамақтанса, спортпен шұғылданып, бос уақытын дұрыс өткізе білсе, ондай адамдар көп ауруға шалдыға қоймайды.

***Назарларыңызға  
рахмет!***